КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қарар бөлігі)

2024 жылғы 05 ақпан №7119-24-00-2/18 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Smart» Садвакасова Эльмира Бахытовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы;
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы;

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Smart» Садвакасова Эльмира Бахытовнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Smart» Садвакасова Эльмира Бахытовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Smart» Садвакасова Эльмира Бахытовнадан Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық

Документ подписан: Бакишев А. Б., 05.02.2024
Дата вступления в законную силу: 13.03.2024, судья Бакишев А. Б., 03.05.2024
7119-23-3-1/15948

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

кәсіпорнының пайдасына 69 024 (алпыс тоғыз мың жиырма төрт) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 2071 (екі мың жетпіс бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж төлеу бойынша шығын өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Smart» Садвакасова Эльмира Бахытовнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Документ подписан: Бакишев А. Б., 05.02.2024

Дата вступления в законную силу: 13.03.2024, судья Бакишев А. Б., 03.05.2024

7119-23-3-1/15948